

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының кәсіби бағдар беруші педагогтің жылдық есебі

№	Мектеп атауы	Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы
1	Аты-жөні, тегі (толық)	Мусина Альфия Армановна
2	Білімі (бітірген оқу орны, жылы)	Жоғары Орал қаласының, Батыс Қазақстан Инженерлік Гуманитарлық Университеті 2010-2013ж.
3	Диплом бойынша мамандығы	Педагогика және психология
4	Жалпы педагогикалық еңбек өтілі	15жыл
5	Маман ретінде еңбек өтілі	4 жыл технология пәнінің мұғалімі, 9 жыл педагог-психолог, 2 жыл кәсіби бағдар
6	Санаты (алған жылы)	Педагог-модератор 2020жылы
7	Оқушы саны (жалпы, бір маманға)	2153
8	Әдістемелік тақырыбы	«Оқушылардың мамандық таңдаудағы өзін-өзі анықтауда кәсіби бағыт-бағдар беріп қалыптастыру».
9	Семинар қалалық (тақырыбы, деңгейі, уақыты)	-
10	Оқушылармен өткізген шығармашылық жұмыстар (сайыс, ғылыми жоба т.б)	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның мектепшілік I дәрежелі, қалалық I дәрежелі, облыстық III дәрежелі дипломдарының жеңіпазы атанды оқушысы Мырзағалиев Рамир 13 наурыз 2024ж жетекшілігі үшін Облыстан алғыс хат
11	Мамандық бойынша кеңес беру жұмысы (жалпы саны)	354
А	Оқушылармен (саны)	250
Б	Ата-анамен (саны)	10
12	2023-2024 оқу жылындағы проблемалар	-
13	Жаңа оқу жылына мақсат, міндеттер, ұсыныс	2024-2025 оқу жылында оқушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауға орай сауалнама өткізіп, ақпараттар беруді мақсат етіп отырмын. Оқушылардың талап-тілегі бойынша түрлі кездесулер мен экскурсияларды ұйымдастыруды жолға қоюдамын. Болашақта, әліде осындай жұмыстар жалғасын табады.
14	ИИН номерлері	880616451349
15	Электрондық поштасы	Alfia_armanovna@mail.ru

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының мектепшілік кәсіби бағдар беруші педагогтің қызметтік жылдық жоспары

Мақсаты:

Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- әрбір білім алушының кәсіби бағдарын диагностикалау;
- білім алушылар мен олардың заңды өкілдерін кәсіби өзін-өзі анықтаудың және мансаптық жоспарлаудың негізгі принциптерімен таныстыру;
- әрбір білім алушыға мамандық таңдауда көмек көрсету және мүмкіндіктерін жеке мамандықтарға қойылатын талаптармен салыстыру;
- белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

№	Жұмыс мазмұны	Ұйымдастыру жолдары
1.	Оқушылармен жүргізілген жұмыстар	1. Оқушылардың мамандық таңдауына байланысты сауалнама, кездесу, экскурсиялар ұйымдастыру
2	Ата-аналармен жұмыс	1. Мамандық таңдауға байланысты кеңестер беру. 2. 2023-2024 оқу жылында оқушылармен ата-аналардың бір-бірімен мамандық таңдауына байланысты мамандармен кездесу мақсатында іс-шаралар жоспарлау.
3	Кәсіби бағдар беруші педагогтің кәсіби біліктілігін шыңдау жұмыстары	1. Кәсіби бағдар бойынша жоба, сайыстарға қатысу. Біліктілік арттыру курстарын оқу.

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптар бойынша 2021 оқушымен бастадық. Оқушыларға мамандық таңдау туралы түсініктерін қалыптастыру. Мамандық таңдауда дұрыс кірпішінің қалануына бағдар беру. Оқушылардың заңды өкілдерімен байланыс орната отырып, мамандық таңдауына ата-ана мамандар болып болашағына үлес қосу.

Жыл бойы алдымызда отырған оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына бағыт беру мақсатым болды. Оқушыларға ұйымдастырушылық жұмыстары, кәсіби бағдар беру –

диагностикалары, дамытушылық жұмыстары, ата-аналарымен байланыс орнату осы бағыттағы жұмыстар жүргізілді.

Барлық сыныптарға кәсіби бағдар бойынша ақпарат, кеңестер берілді. Оқушылардың қызығушылықтарын аша отырып, бағыт бойынша мамандықтар тізімінде ЖТБ Климовтың сауалнамасы бойыншада мамандықтар таңдаған болатындығы анықталды.

I. Ұйымдастырушылық ақпараттық жұмыстар:

№	Іс-шаралар атауы	Сыныбы	Айы	Қатысқан оқушы саны
Ақпараттық				
1	Оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтау	9-11 сынып	қыркүйек	250
2	«Мен өскенде кім боламын?» тақырыбында сурет салу	1-2 сынып	қазан	453
3	«Мен ұстазымды мақтан етемін!» ашық хаттар әзірлеу	3-4 сынып	қараша	450
4	Кім боламын? Рөлдік ойындар дайындау	4 сынып	желтоқсан	218
5	«Менің қолымнан бәрі келеді»	7-8 сынып	желтоқсан	274
6	«Мамандық таңдау-өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау».	10-11 сынып	желтоқсан	210
7	«Мамандықты дұрыс таңда»	9-11 сынып	қаңтар	361
8	Оқу орындарына, аймақтық кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру	9-11 сынып	Ақпан наурыз	250
9	«Қажетті мамандықтар»	9-11 сынып	Ақпан	250
Консультациялық-диагностикалық				
1	Мамандық бойынша сауалнама	9,11 сынып	қыркүйек	202
2	Бейіндік оқытуда Е.А. Климовтың әдісі бойынша оқушылардың кәсіптік типін анықтау	9,11 сынып	Қазан қараша	258
3	Ата-аналарға балаларының мамандық таңдауына байланысты кеңестер беру	9 сынып ата-аналары	желтоқсан	61
4	«Сенің таңдауың-сенің болашағың» - 9, 11 сыныптарда кәсіптік өзін-өзі анықтау саласын түзету;	9,11 сынып	наурыз	250

	- мамандық таңдауда көмек; - Мамандықтар әлемін баяндайтын әдебиеттермен танысу			
Дамытушылық				
1	«Профи TIME» «Мамандықтар жәрмеңкесі» маман иелерімен кездесу	10 сынып	Қаңтар	27
2	«Мамандықтар әлемін ашамыз» мектепшілік форум	6-11 сынып	Ақпан	3
3	«Менің сүйікті мамандығым» "Жүз жол – біреуі сенікі" "Мен және менің болашақ мамандығым" "Армандарды қалай жүзеге асыруға болады" тақырыбында сынып сағаттарын ұйымдастыру	1-11 сынып	наурыз	1902
4	«Өзіңе және адамдарға қуаныш сыйлайтын еңбек»	8 сынып	сәуір	3
5	Оқушыларымен кәсіптік бағдарлау ойындары мен тембилдинг өткізу	9 сынып	мамыр	105
6	Кәсіби бағдар бойынша ақпаратты сайтқа орналастыру	9-11 сынып	жыл бойы	Кәсіби бағдар беруші педагог: А.А. Мусина

Кәсіби бағдар жұмыстарының мамандармен кездесу, шаралар және экскурсия кезендері төмендегідей жүзеге асырылды.

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының кәсіби бағдар бойынша 1-11 сынып оқушыларымен мамандық таңдау бағытындағы шаралар мен жұмыстар жүргізілгендігі туралы

Анықтамалар

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сай кәсіби бағдар бойынша қыркүйек айында 1-11 сынып оқушылар тізімі құрылып жинақталды. Қыркүйек айында 9,11 сынып оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтауға байланысты пікір алмасу жүргізілді. Сонымен бірге сауалнамалар алынды. Нәтижесінде жалпы сауалнамаға қатысқан оқушылар саны-202 оқушы. Оның-132-сі 9-шы сыныптар, 70-сі 11 сыныптар. Сауалнамаға мектеп оқушылары 9-11 сыныптар бойынша толық қамту қарастырылды. Оқушыларға ашық түрде беріліп, қорытындылары жинақталды. **Ұсыныстар:** Мамандық таңдау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуін жалғастыру. Жеке

оқушылармен мамандық таңдауына бағыт бағдар кеңестер беруді жолға қою. Мамандық таңдауда оқу орталықтарынан түсіндірме жұмыстарын жан-жақты ақпараттандыру. Экскурсия колледж, универлармен байланыс орнату ұсыныстары берілді.

2023 жылдың 2-ші қазан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласы Алматы Менеджмент Университеті өкілі Абдуллаева Аружан Сагадатовна «Біз бірге жасайтын болашақтың бір бөлігі бол» универ мамандық түрлерімен таныстырып, рейтингтер және аккредитациялар, халықаралық ынтымақтастық, алмасу бағдарламалары, қос диплом, білім беру бағдарламасы мен бейіндік пәндер, универдегі гранттар мен жеңілдіктер, студенттік ұйымдар туралы айтып өтті. Қатысқан оқушылар саны-97.

2023 жылдың 12-ші қазан күні мектеп-гимназиямыздың 1-2 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беруге байланысты «Мен өскенде кім болам» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Әр оқушының мамандық иесі болуға деген қызығушылығын салған суреттерінен көруге болады. Бірі мұғалім, бірі дәрігер, бірі өрт сөндіруші, бірі құрылысшы, бірі дизайнер, бірі суретші, бірі футболшы болуды армандаған. Тіс дәрігері, балалар дәрігері, кондитер өнімдерін шығарушы, бірі дүкенші, биші, бірі аспаптарда ойнауды көрсеткен. Бала қиялы болашаққа сәл болса да із қалдырып, сол іздің жалғасуына отбасы және мектеп болып демеушілік орнатсақ болашақ ұрпақтың мамандық таңдауына жол көрсетеріміз анық. Салған суреттеріне көз тояр емес баланың қызығушылығы суреттерінен көрініп тұр.

2023 жылдың 19-шы қазан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚИТУ университетінен аға оқытушы тренер Кабибулла Кенжеевич Жанияров универдің мамадықтары мен бір неше жеңілдіктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар универдегі мамандықтар туралы сұрақтарын қойып, жауаптарында алды. Қатысқан оқушылар саны-102.

2023 жылдың 9-шы қараша күні қалалық кәсіби бағдар беру педагогтеріне А.Иманов атындағы жол-көлік колледжінде «Болашағым-мамандығым» атты экскурсиялық-танымдық шара оздырылды. Мақсаты: 2024-2025 оқу жылына қабылданатын мамандықтар бойынша мағлұматтар беру, мектеппен тығыз байланыса отыра, білім алушыларды дұрыс мамандық таңдауға, жастардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру. Колледж басшысы А.А.Мустафин «Колледждің бүгінгі ахуалы» бойынша сөз сөйлеп ашты. Жол саласы бойынша ақпараттар берілді. Колледждің аға оқытушылары әрі қарай мамандықтар бойынша таныстырылым жасады. Соңында пікір алмасып, практикалық бөлім бойынша колледжге экскурсия жасалды.

2023 жылдың 13-23 қараша аралығында Бейіндік оқытуда Е.А. Климовтың әдісі бойынша оқушылардың кәсіптік типі мен мамандыққа бағыттылығын анықтауға байланысты сауалнама алынды. 9-11 сыныптар қатысты. Бұл сауалнама нәтижесінде әр сыныпта отырған оқушылардың мамандыққа деген бағыттылығы анықталды. Жеке оқушыға мамандық түрлері шыққан нәтижелері толықтай айтылды.

Ұсыныстар: бағыттары бойынша оқушыларға мамандық түрлерін жете меңгеру, экскурсиялар мен кәсіпорындарға апару, маман иелерімен кездесу жұмыстары жалғасын табады.

2023 жылдың 14-ші қараша күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚИТУ университеті ашық есік күніне шақырды. Универдің аға оқытушы тренер Кабибулла Кенжеевич Жанияровтың қолдауымен

экскурсиялық-танымдық шараға оқушыларымызбен барып қатыстық. Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланыс орнату, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету. Бұл универдегі мамандықтар түлектеріміздің таңдап отырған мамандығына сәйкес келеді. Оқушыларымыз таңдаған мамандықтары бойынша толықтай ақпарат алды. Барған оқушылар саны-15.

2023 жылдың 27-ші қараша күні мектеп-гимназиямыздың 3-4 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беруге байланысты «Мен ұстазымды мақтан етемін» тақырыбында ашық хаттар көрмесі ұйымдастырылды. Ұстаз мамандығы-барлық мамандықтың анасы. Сондықтан басқа мамандық иелерінің баршасыда ұстаздарға борыштар. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын адам жоқ. Бұл орайда оқушының бойынан ұстазға деген құрмет, ұстаз мамандығына деген қызығушылықты, алғыс айтып жазған ашық хаттарынан байқауға болады. Ұстаздық-ұлы тұлға екендігін бойларына сіңіре білген шәкірттердің өз ұстазына тілеген жылы тілек-лебіздері ұстаздың берген білімінің жоғары сыйлы екендігі көрініп тұр. Мектеп-гимназиямыздың бастауыш сынып оқушылары осы ұстаздардың берген білім, тәлім-тәрбиесіне ризашылық пен алғыстарын білдірген: Анаргүл Мақсотқызы, Гүлбану Маратқызы, Жарқынай Сапарқызы, Нұргүл Болатқызы, Ақмаржан Асқарқызы, Марал Байдукқызы, Гүлнафис Серікқалиқызы, Гүлфира Амангелдіқызы, Салтанат Ғаділбекқызы мектеп-гимназиямыздың білікті ұстаз мамандарының шәкірт тәрбиелеудегі еңбектері еселене берсін!

2023 жылдың 1-ші желтоқсан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласынан Логистика және көлік академиясы университетінің өкілі Аслан Эльдар Ардақұлы мамадықтары мен АЛТ әскери кафедрасында оқу, тегін тіл үйрету курстары, 100% студенттер үйінде тұру, мемлекеттік гранттан бөлек гранттар, екі диплом алу мүмкіндігі, 50 президент-рекорд гранты, әлеуметтік қоржын бір неше жеңілдіктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қатысқан оқушылар саны-91.

2023 жылдың 7-ші желтоқсан күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Жоғарғы инженерлік-технологиялық колледжі ашық есік күніне шақырды. Мектебімізден колледжге түсу ойлары бар 11 оқушымен бардық. Бүгінгі сапалы білім-ертеңгі жарқын келешек демекші. ЖИТК ашық есік күнінің бағдарламасы: 10:00-10:20-Тіркелу. 10:30-11:30-Ашылу салтанаты. 11:30-12:30-Концерттік бағдарламамен аяқталды. Бұл колледждің талантты студенттері мен оқытушы ұстаздары оқушыларды қарсылап, мамандық түрлерімен көрме таныстырылымы ұсынылды.

2023 жылдың 7-ші желтоқсан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша департаментінің бас маманы Мырзабаева Аяжан Мырзахметовна мемлекеттік қызмет істері бойынша мамандық түрлерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қатысқан оқушылар саны-88.

2023 жылдың 26-шы желтоқсан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласы КНБ Погран Академиясының курсанты Турумбетов Ерсұлтан Тулегенович Академия мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп таныстырды. Ерсұлтан мектеп-гимназиямыздың түлегі. Өз мектебіне мамандық туралы таныстырылым жасауда, мектепке деген сағынышын ұстаздары мен мектеп директоры Бибігүл Сәуірқызына

алғысымен жеткізді. Мектептегі еркеліктің бәрі қалатыны, қазіргі таңда курсант студенттік өмірде ой-өрісінің өзгеріп, жаңаша көзқарастың қалыптасып жетілуі адами тұрғыда есеюге әкелетінін ашыла айтты. Тәлім-тәрбие берген, мамандыққа бағыт беруде ұстаздарына ризашылығын білдірді. Қатысқан оқушылар саны-85.

2023 жылдың 27-ші желтоқсан күні мектеп-гимназиямыздың 4 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жоспары аясында «Кім боламын?» рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар мыңдаған мамандықтардың, өзіне ұнайтын мамандықты рөлдік ойындар, сұхбаттасу арқылыда өз ойларын ортаға салды. Бірі дәрігер, бірі құрылысшы, бірі аспазшы, бірі мұғалім, биші, гимнастика шебері, бірі аспазшы, бірі суретші, бірі блогер болуды армандайды. Бала қиялы санқырлы болсада, өз қабілеттерін ашу мен тынбай еңбектенуде білімді жетілдіру керек екендігі айтылып, сұрақ-жауаптар барысында кеңестер берілді.

2024 жылдың 9-шы қаңтар күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Қарағанды қаласынан «Жас ұлан» әскери мектебінің курсанттары Жастілек Абылайхан және Нұр Арман әскери мектеп погран мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп таныстырды. Абылайхан мен Арман мектеп-гимназиямыздың түлегі. Өз мектебіне мамандық туралы таныстырылым жасауда, мектепке деген сағынышын жеткізе отырып, сабақ берген ұстаздарына алғыс пен ризашылығын білдірді. Мектептегі еркеліктің бәрі қалатыны, жеңіл өмір сүруден көрі, еңбек пен күш жігерді дұрыс қалыптастыру өзімізден басталатыны, қазіргі таңда курсант студенттік өмірде ой-өрісінің өзгеріп, жаңаша көзқарастың қалыптасып жетілуі адами тұрғыда есейіп қана қоймай, болашаққа көз жіберу, өз еліне қызмет қылу, тәртіп пен тәрбиенің орны оразан зор екендігін айтты.

2024 жылдың 10-шы қаңтар күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы М.Өтемісов атындағы БҚУ-нен информатика пәнінің оқытушысы Амантурина Гульмира Калдановна универ мамандық түрлерімен таныстырды. ЖОО-ң стандарт талабына жауап беретін жоғары білім кепілі бола алатынын, бірнеше мүмкіндіктер: 3 студенттік жатақхана және 1 студенттер үйі, 2 ашық спорт алаңы, ғылыми үйірмелер, байқаулар, әскер кафедра бар екендігін аша айтты. Факультеттер бойынша бөлінген мамандықтарға тоқталды. Педагогикалық факультет, жаратылыстану-география факультеті, физика-математика факультеті, филология факультеті, тарих, экономика және құқық факультеті, мәдениет және өнер факультеті туралы жеке-жеке тоқталды. Оқушылар сұрақтар қойып жауаптарын да алды. Қатысқан оқушылар саны-102.

2024 жылдың 12-ші қаңтар күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар алуға байланысты БҚО Полиция департаменті бөлімінде кездесу ұйымдастырылды. БҚО ПД кадр саясаты басқармасының инспектор полиция капитаны Жанар Мадиевна қарсы алып, түлектерімізді бөлімнің акт залына жинады. Кездесуге БҚО ПД Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының бастығы Сағын Қадыржан Ерсайынұлы сөз бастады. Оқушыларға болашаққа деген көзқарастарың мамандықты қаншалықты дұрыс таңдау керек екенін айтты. Қазіргі таңда мектепте екі міндет: бірінші тәртіп, екінші білім алу. Осы екі міндетті атқарудасыздар. Ал болашақ мамандық әр оқушы өз жүрек қалауымен барып оқуы қажет. Біздің мамандығымызға сәйкес Қарағанды академиясы және Алматы қаласы погран академиясының мамандықтарына тоқталды. Одан кейін БҚО ПД бастығының орынбасары сөз алып жалғастырды. Бұл жерде сіздер болашақта тәртіп пен мемлекетке яғни халыққа адал

қызмет атқарасыздар. Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарында алды. Барған оқушылар саны-5.

2024 жылдың 18-ші қаңтар күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары Орал «Сервис» технологиялық колледжі МКҚК-не ашық есік күніне шақырылды. Колледж өкілі Ахметова Бахытгуль Сергеевна қарсылап, **тамақтандыруды ұйымдастыру «Аспаз» тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу «Арнайы тігінші», «Модельер-конструктор» және Шаптараз өнері «Шаптараз стилисті»** мамандықтары туралы кабинет, көрмелерімен таныстырып өтті. Оқушылардың қойған сұрақтарына жауапта берді. Колледжге кірген кезден аурасы, оқушыларға мамандық түрлері ұнай бастады. Бұл мамандықтардың қазіргі таңда сұранысқа ие екенінде білді. Барған оқушылар саны-11.

2024 жылдың 30-шы қаңтар күні мектеп-гимназиямыздың 10 сынып оқушыларына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Профи ТІМЕ» мамандықтар жәрмеңкесі атты кәсіби бағдар мен тәрбие бөлімі бірлескен шара оздырылды. **Мақсаты:** Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, мамандық таңдауына көмек көрсету, бағыт-бағдар беру, психологиялық қолдау көрсету. Мамандықтар мұхиты әлемде 10 мыңнан аса мамандықтар бар. Ал оған арнаулы мамандықтар мен басқаша да қосымша маман түрлерін қосып санағанда 50 мыңнан асады. Ол үшін мамандық әлемін оқып үйрену керек. Мамандық алудың 5 баспалдағын жоспарлау керек:

1. Арман (тілек) 2. Көз жеткізу (қажеттілік) 3. Жоспарлау 4. Әрекет 5. Игеру.

Мамандық сенің денсаулығыңа, физиологиялық және психологиялық күйіңе, біліміңнің сапасы мен деңгейіңнің дайындығына байланысты екенін шығарма. Сондықтан да мамандық таңдар алдында **«Мен жасай аламын ба, қабілеттімін бе?»** деген сұраққа жауап беру керек. Оқушыларға кеңестер, ақпараттар бере отырып мамандық таңдауда маңызды формуласы айтылды. «Үйренгім келеді», «Үрене аламын», «Үрену керек» осы үш кеңістігі толықтай түсіндірілді. Сізге қай мамандық лайық? Психологиялық тест жүргізіліп нәтижелері өздеріне айтылды. «Мамандықтар жәрмеңкесі ойыны» бойынша кез-келген мамандықты оқушыға айта отырып, оқушы жаңағы айтылған мамандықтың соңғы әріпінен басталатын кәсіпті айтады. Мысалы: Мұғалім-механик-кондитерт.б осылайша жалғасын табады. Бұл ойында оқушылар қызығушылықпен белсене қатысты. Соңында 4 топқа бөлініп оқушыларымыздың алдына ақ парақ беріліп, ақын-жазушыларымызбен, түрлі сыр шертетін суреттер ұсынылды. Осы суреттер мен жазушылардың сөздерінен түйіндеген ойларын ақ параққа түсірді. **Қорытындысында** оқушылар бұл шарадан алған әсерлерімен бөлісе отырып кері байланыс жасады. Шарамыз өз мақсатына жетті.

2024 жылдың 31-шы қаңтар күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласы Нархоз Университетінің қабылдау бөлімі өкілі Салим Нұрай Гизатқызы универ мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұндағы Экономикалық және менеджмент мектебі, құқық және мемлекеттік басқару мектебі, гуманитарлық мектеп, цифрлық технологиялар мектебі бойынша тоқталып, бірнеше мүмкіндіктер: үш жайлы жатақхана, соңғы үлгідегі эко және IT зертханалар, жеке сот залы, 24/7 қол жетімді кітапхана, халықаралық серіктестер және алмасу бағдарламалары, қос диплом мүмкіндігі т.с. сияқты толықтай таныстырылым жасады. Оқушылар Нархоз университеті туралы ақпарат бойынша сұрақтар қойып, жауаптарында алды.

2024 жылдың 2-ші ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚО ӘББ «Орал политехникалық колледжі» өкілі Эльмира Каирболатовна кәсіби бағдар бойынша кездесу өткізді. Колледж мамандықтары туралы ашық ақпарат берді. Мүмкіндіктері: мамандықпен бірге қосымша көлік жүргізуші құжатында алып шыға алады. Колледж мамандары: Дәнекерлеу ісі, автомобиль жолдары, жол-құрылыс машиналары, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, электр жабдықтарын монтаждаушы сияқты мамандықтармен толықтай танысты. Оқушылар сұрақ қойып жауаптарында алды.

2024 жылдың 8-ші ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары Құрманғазы атындағы саз колледжіне экскурсияға барды. Алдымен колледж басшысы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сертеков Нұржан Орынғалиұлы қарсы алып сөз сөйледі. Оқушылардың колледжге басқан қадамдарына ризашылықтарын білдірді. Одан соң Экскурсия жетекшісі ретінде колледжді түгел таныстыру мақсатында «Әлеуметтік - мәдени қызмет және халық көркем шығармашылығы», «Кітапхана ісі» мамандықтарының Пәндік циклдық комиссиясының төрайымы Тоқтарова Гүлдаурен Аманжолқызы жұмыстанып 9 сынып оқушыларымыз түрлі мамандықтар бойынша танысып өнер бөлімдеріне тоқталды. Соның ішінде аспапта ойнау «домбыра оркестрін» тамашалай отырып 9 сынып оқушымыз Нұрәлем домбырада шертетін өнерімен орталарына қосылып бірге «Адай», «Ерке сылқым» күйлерін орындады. Келесі режиссёрлық актёрлық бөлімінде сабақ беретін ұстаздары таныстырып, оқушымыз Бибіхадиша өз өнері поэзия оқыды. Колледжбен мектеп байланыса әдемі үйлесім таба отырып, мықты маман иесіне кәсіби шыңдалуға жол ашатыны көрінді. Оқушыларымыздың ойларына кәсіби бағыт берілді. Сұрақтар қойып оқушыларымыз жауаптарын алып үйлеріне оралды.

2024 жылдың 15-ші ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінен Ерлан Уракаевич кездесу өткізіп, мамандықтар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұндағы педагогикалық ғылымдар бойынша мамандықтар, өнер және гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, табиғи ғылымдар, математика статистика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инженерлік өңдеу және құрылыс индустриясы бойынша мамандық түрлеріне тоқталды. Сонымен бірге универдің артықшылықтарында атады: Мемлекеттік грант+шәкіртақы, Heriot-Watt University ағылшын тіліндегі оқу бағдарламасы. Қос диплом: 1) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті; 2) Heriot-Watt University. Жатақханамен қамтамасыз ету. Халықаралық компанияларға жұмысқа орналасу сияқты толықтай ақпараттарымен таныстырды. Бұл универді таңдап отырған оқушыларымыз сұрақтарын қойып жауаптарында алды.

2024 жылдың 19-ші ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Ақтау қаласынан Ш.Есенов атындағы технология және инженерлік университеті өкілі Қонаршаева Айнаш Атабаевна мамандықтарымен таныстырып өтті. Бұндағы факультеттер туризм және тілдер, бизнес және құқық, инжиниринг, ғылым және технологиялар, теңіз академиясы, әскери кафедра тағы сол сияқты бөлімдеріне тоқталды. Мүмкіндіктерінде айтты 4 жылдық студенттерге арналған жатақхана, мамандықпен бірге әскери билет алып шығады. Оқушылар сұрақтар қойып жауаптарын алды.

2024 жылдың 21-ші ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінің өкілі Жанатаев Тимур Ашықбайұлы мамандық түрлеріне таныстырылым жасады. Бұндағы автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару, технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару, машиналар мен жабдықтарды пайдалану, электр жабдықтары, пошта байланысы, мехатроника робототехника және кірістірілетін жүйелер мамандықтарына тоқталды. Мүмкіндіктері: студенттер үйі-жатақхана, 43000 шәкіртақы төленеді. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.

2024 жылдың 22-ші ақпан күні мектеп-гимназиямызда 6-11 сынып аралығында «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының мектепшілік кезеңі өтті. *Форумның мақсаты:* Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту.

Қаралатын тақырыптар:

1. «Мен мамандықты... таңдаймын» - 3 қатысушы (1 қазақ, 1 орыс, 1 ағылшын тілдерінде) – презентация ұсынады. 10 сыныптар аралығында әр сыныптан 1 оқушыдан шығып қатысты. **Нәтижесінде:** Мектебімізден Мырзағалиев Рамир, Бисенбі Аружан, Дайраби Жансая 10 сынып оқушылары қатысып өз жобаларын қорғады. Мырзағалиев Рамир I орын, Бисенбі Аружан I орын, Дайраби Жансая II орын дипломдарымен марапатталып қалалық кезеңіне ұсынылды. Қалалық кезең бойынша I орын Мырзағалиев Рамир, II орын Бисенбі Аружан, III орын Дайраби Жансая дипломадарымен марапатталып облыстық кезеңге Мырзағалиев Р жолданды. Облыстық кезең бойынша Мырзағалиев Рамир III орын иеленіп грамота және сертификат алды.

2024 жылдың 28-ші ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің өкілі Губашева Бибигуль Ерназаровна және Кулмуханов Жеңіс Серикович мамандықтарына таныстырылым жасады. Әскери кафедра математика – физика, математика-информатика, биология-география. 2. Шығармашылық емтихан математика-география, биология-химия, физика-химия толықтай түсіндірді. Жәңгір хан университетіне түскен түлекке қолайлы жағдайлар көрсетілетіні, егер түскен абитуриент шығармашылыққа өнер, спортқа жақын болса үйірмелерге қатыса алатындығы айтылды. Шығармашылық бағытын таңдаған оқушылар өздеріне қажет сұрақтарын қойып, жауаптарында алды.

2024 жылдың 29-шы ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Астана қаласынан Мақсат Нәрікбаев атындағы Университетінің өкілі Тоғызбаев Нурдаулет Ерланович мамандықтарымен бөлісті. Қазақстанның үздік университеті 50 ЖОО қатарында, бүгінгі таңда 39 мыңнан астам білікті мамандарды даярлайды. Бейіндік пәндер Құқық жоғарғы мектебі, жоғарғы гуманитарлық мектебі, international school of economics, international school of journalism бағытындағы мамандықтарға тоқталды. Мүмкіндіктері: академиялық ұтқырлық, қос диплом бағдарламасы, кредиттік оқу жүйесі, NON-DEGREE бағдарламасы ҰБТ-тапсырмай Университетке түсуге мүмкіндік береді. 4 жылдың ішінде бірнеше бағытты игеру туралы таныстырылым жасады. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.

2024 жылдың 29-шы ақпан күні мектеп-гимназиямыздың 9-10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Астана қаласынан Кеттік_Study компаниясының өкілі Лукпанов Алихан Кемалханович шетелге колледж, университеттен оқу алуға шақырды. Бұл компанияда алдымен дайындық курстары бар екендігі соның ішінде польша және ағылшын тілдерін оқу 2 семестр болса, оқу мерзімі қазан-шілде айында болады. Екі тілді меңгеріп шетелде колледж бен универлерге түсіп оқуға мүмкіндіктерінің бар екендігін түсіндірді. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарында алды. Колледжге емтихансыз грантқа түсе алады. Бұнда әскери, ұшқыш және медицинадан басқа барлық мамандықтар бар. Яғни соның ішінде логистика, IT, халықаралық қатынастар, менеджмент, бизнес сияқты мамандықтарға толық тоқталды.

2024 жылдың 15-ші наурыз күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы департаментінен ҚР ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара академиясы КНБ бойынша Куанспекова Эльвира Кумаровна погран академия мамандықтарымен таныстырылым жасады. «Әскери-үрмелі журналистика дирижері», «Әскери журналистика» мамандықтарына тоқталды. ҰБТ тестілеу нәтижесі бойынша кем дегенде 50 балл жинау қажет. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.

2024 жылдың 3-ші сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушылары Сервис және жаңа технологиялар колледжіне барып саяхат жасады. Колледж директорының өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Нурғалиева Нургул Жангельдиевна мамандықтар соның ішінде тамақтандыруды ұйымдастыру, кулинария мамандықтарының практикалық бөлімімен ашып таныстырды. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын да алды.

2024 жылдың 9-шы сәуір күні мектеп-гимназиямыздың тәрбие бөлімімен біріктірілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру Сәуір-экологиялық мәдениет айы (жасыл аймақ) жобасы аясында «Жүрегім қазақ жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау» мақсатында кездесу ұйымдастырылды. 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласы Еуразия Технологиялық Университетінің департамент маркетинг PR маманы Умирбаева Даяна Ардаковнамен кездесу өтті. Білім беру бағдарламалары: Қаржы және басқару технологиясы мектебі. Менеджмент және басқару, Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі, Аудит және салық салу, Көлік қызметтері, Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі, Туризм, Ақпараттық технологиялар мамандықтары туралы бұндағы мүмкіндіктер қос диплом бағдарламасы, халықаралық тағлымдамалар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы жөнінде таныстырылым жасады. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын да алды.

2024 жылдың 11-ші сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып түлектерімен БҚО, М.Өтемісов атындағы БҚУ бас ғимаратында «Ашық есік күні» шарасы ұйымдастырылып шақырылды. Бағдарламада:

*Университеттің оқу бағдарламасымен танысып, бакалавриат бағыттары бойынша толық ақпарат алу;

*2024 жылғы БҚУ-ға қабылдау шарттарымен танысу;

*Ректорат және факультет өкілдеріне сұрақтар қою;

*Қабылдау комиссиясының қызметкерлерінен кеңес алу;

*ҰБТ-2024 жаңашылдықтарымен танысу;

*Университетпен танысу;

*Мерекелік концерт тамашалау.

Бағдарлама бойынша барлығы жоспарға сай өтті. Түлектерді қарсылау кезінде көрме дайындап қойған, университет тарихы, оқытылатын мамандықтарға шолу жасалды. Оқушылар таңдаған мамандықтары бойынша сұрақтарын қойып жауаптарын да алды.

2024 жылдың 12-ші сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9-10 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы «Qadam» білім орталығының администраторы Исмагулова Ботагоз Бейбутовна ақпарат берді. Бұндағы үйірмелер оқушының болашағына үлес қосуына септігін тигізери сөзсіз екендігін айтты. Мамандыққа қадам бастар әрекетке жол ашу алдымен өзінді қосымша тағайындау емес пе? Егер өзімді біліммен дамытамын деген ой болса үйірменің үлесі зор екендігін жеткіземін. Бұл білім беру орталығында физика-математика бағыты бойынша, робото техника, қаржылық сауаттылық, смм+мобилография, стилист, графикалық дизайн, вокал, кулинария, ағылшын тілі, қытай тілі т.с.с үйірмелер бар екендігін мәлімдеді.

2024 жылдың 29-шы сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы А. Иманов атындағы Жол көлік колледжінің өндірістік оқыту шебері Жанбырбаев Рашид Саясатович мамандық түрлеріне таныстырылым жасады. Бұндағы «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету жөндеу және пайдалану» «Техник-механик», «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» «Жол-құрылыс машиналарының машинасі» мамандықтарына ашық тоқталды. Мүмкіндіктер: білім алу тегін, шәкірт ақы төленеді, жатақханада тұру-тегін, барлық студенттер бір мезгілдік ыстық тамақпен тегін қамтылады, жол ақы төленеді, жұмысқа орналастыру, ЖОО түсу мүмкіндіктері бар. Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарын да алды.

2024 жылдың 30-шы сәуір күні мектеп-гимназиямыздың 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы Политехникалық колледжінің өкілі Эльмира Каирболатовна мамандықтарымен таныстырды. Колледж мамандықтары дәнекерлеу ісі, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, құрылыс-әрлеу жұмыстарының шебері, техник-құрылысшы сияқты түрлеріне тоқталды. Оқушылар сұрақ қойып жауаптарын алды.

2024 жылдың 3-ші мамыр күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып түлектері ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша департаментінің ұйымдастыруымен жастарды мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттыру мақсатында Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде өткізілетін ашық есік күніне қатысуға шақырылды. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.


2024 жылдың 27-ші мамыр күні мектеп-гимназиямызда 9 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы өтті. Мектебімізде 9 сынып алтау болғандықтан жеке кабинеттерде болды. Осыған орай қорытынды аттестат емтихандарын тапсырғалы отырғандықтан сынып жетекшілері толықтай таныстырды. Сонымен бірге 9 бітіріп аттестат алғалы отырған түлектердің ата-аналарына кәсіби бағдар бойынша ақпарат беріліп, кездесуге Агро колледж, Политехникалық колледж, ЖИТК колледж өкілдері шақырылды. Колледж мамандықтары гранттар, шәкірт ақы, жатахана мүмкіндіктеріне толықтай тоқталды. Ата-аналар кәсіби бағдар бойынша толғандырған сұрақтарын қойып жауаптарын алды.

Қорытынды: Бұл кәсіби бағдар бойынша жасалып, жүргізілген жұмыстар жылдық өткізілген шаралар болып табылады. Болашақ мамандығына дұрыс бағыт беруде оқушыларға кәсіби бағдар бойынша жүргізілген жұмыстар, шаралар экскурсиялар жалғасын табады.

SWOT - талдау

S-жақсы жақтары:

Жалпы экскурсиялар мен кездесулердің сандық есебіне тоқталсам:



Оқушылар осы экскурсиялар мен кездесулер арқылы өздерінің таңдап жүрген мамандықтарын көзбен көріп, дұрыс мамандық таңдауына кәсіби бағыт бадар алды.

Сонымен қатар: «ЖТБ» әдістемесі (Е.А. Климова) диагностикалық әдістеме жүргізіліу нәтижесіне тоқталсам:

Мақсаты: Оқушылардың мамандыққа бағыттылығын анықтау.


Контингент: 9 сыныптар

Қатысқандар саны: 156

Өткізілген күні: 13.11.2023ж

Бұл сауалнама нәтижесінде әр сыныпта отырған оқушылардың мамандыққа деген бағыттылығы анықталды. Адам-адам бағытын 82 оқушы, адам-техника бағытын 19 оқушы, адам –табиғат бағытын 14 оқушы, адам-көркем бейне бағытын 28 оқушы, адам белгілер жүйесі бағытын 11 оқушы таңдап отыр. Бұл бағыттар бойынша әр оқушыға мамандық түрлері шыққан нәтижелері толықтай айтылды.

Ұсыныстар: бағыттары бойынша оқушыларға мамандық түрлерін жете меңгеру, экскурсиялар мен кәсіпорындарға апару, маман иелерімен кездесу жұмыстары жалғасын табады.



11 сыныптың «ЖТБ» әдістемесі (Е.А. Климова) диагностикалық әдістеме жүргізіліу нәтижесіне тоқталсам:

Мақсаты: Оқушылардың мамандыққа бағыттылығын анықтау.


Контингент: 11 сыныптар

Қатысқандар саны: 102

Өткізілген күні: 23.11.2023ж

Бұл сауалнама нәтижесінде әр сыныпта отырған оқушылардың мамандыққа деген бағыттылығы анықталды. Адам-адам бағытын 62 оқушы, адам-техника бағытын 10 оқушы, адам –табиғат бағытын 7 оқушы, адам-көркем бейне бағытын 18 оқушы, адам белгілер жүйесі бағытын 5 оқушы таңдап отыр. Бұл бағыттар бойынша әр оқушыға мамандық түрлері шыққан нәтижелері толықтай айтылды.

Ұсыныстар: бағыттары бойынша оқушыларға мамандық түрлерін жете меңгеру, экскурсиялар мен кәсіпорындарға апару, маман иелерімен кездесу жұмыстары жалғасын табады.



Педагогтың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру деңгейі.

Мақсатқа жету жолында әртүрлі бағыттарда жұмыс жасап, өзімді кәсіби тұрғыда жетілдірдім. Атап айтар болсам:

1. «Өрлеу» БАҰО АҚ Орал қаласы «Заманауи жағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтардың құзіреттілігін дамыту» 80 сағат №0795633 18.09.-29.09.2023ж оқыту курсына тәмамдадым.
2. Орал қалалық білім беру бөлімі мен кәсіби бағдар беруші педагогтардан құралған шығармашылық топ мүшесі
3. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның облыстық кезеңінен Алғыс хат №1247 13 наурыз 2024ж

Оқушы жетістіктері:

1. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның мектепшілік кезеңінде Мырзағалиев Рамир, Бисенбі Аружан, Дайраби Жансая 10 сынып оқушылары қатысып өз жобаларын қорғады. Мырзағалиев Рамир I орын, Бисенбі Аружан I орын, Дайраби Жансая II орын дипломдарымен марапатталып қалалық

кезеңіне ұсынылды. Қалалық кезең бойынша I орын Мырзағалиев Рамир, II орын Бисенбі Аружан, III орын Дайраби Жансая дипломадарымен марапатталып облыстық кезеңге Мырзағалиев Р жолданды. Облыстық кезең бойынша Мырзағалиев Рамир III орын иеленіп грамота және сертификат алды.

W-әлсіз тұстары:

Әр өткізіліп жатырған экскурсияларға баруда көлікпен қамтылса, экскурсиялардан алған әсерімен бөлісу, пікіралмасу, талдау, қорытындылау керек деп есептімін. Сондықтан осы сыныптарға ашық әңгімелесуге 1 сағаттық үйірме қарастырылса.

О-қауіп-қатер тұсы:

Оқушылармен «Ашық есік күні», экскурсиялар мен кездесулер өздерінің өте жақсы тұстарын көрсетеді. Алайда оқушының сол кездегі көз қарасы дәл сол сәтті байқайды. Терең үнілгенде уақыт өткен соң оқушы көңілінен шықпауы мүмкін, бала дұрыс таңдау жасай алмай өкініш болу мүмкін.

T-даму мүмкіндігі:

Заман талабына сай оқушының сұранысына сәйкес өзге қалалардағы мамандық түрлерімен онлайн байланыс орнату тікелей сұхбаттасу. Оқушының мамандықты дұрыс таңдау жасауына мүмкіндіктер орнату.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылы бойынша мектебімізде қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіби бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар мүмкіндігінше жүргізілді. Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда сыныптан тыс қызметтің әртүрлі нысандары, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады. Жыл қорытындысы бойынша 1-11 сынып аралығында 2013 оқушымен тәмамдадық.

Ұсыныс: Алдағы оқу жылында кәсіби бағдар беру жұмысының педагог-психолог, сынып жетекшілермен бірлескен іс-әрекеттегі шараларын күшейту. Білім алушылардың мамандықтарын саналы түрде таңдауға жағдай туғызу. Кәсіби бағдар бойынша жүргізілетін жұмыстар әрі қарай жалғасын табады.

Кәсіби бағдар беруші педагог: А.А.Мусина